

ҮЛГІЛІК ОҚУ ЖОСПАРЫ

"Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы № 195 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 12 мамырда № 20625 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген, "Егемен Қазақстан" газетінің 2013 жылғы 23 ақпандағы № 74 (28013) санында жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықтың кіріспе сөзбасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 5-бабының б) тармақшасына сәйкес және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қарашадағы № 604 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес 1 жастан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейін балаларды оқыту қазақ тілінде жүргізілетін мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес 1 жастан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейін балаларды оқыту орыс тілінде жүргізілетін мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары бекітілсін;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес мүмкіндіктері шектеулі балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың үлгілік оқу жоспары бекітілсін."

1 және 2-қосымшалар осы бұйрыққа 1 және 2-қосымшаларға сәйкес жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің Мектепке дейінгі және орта білім комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің Заң департаментіне осы тармақтың 1), 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынууды

қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Ш. Т. Қариноваға жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

1 жастан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейін балаларды оқыту қазақ тілінде жүргізілетін мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары

		Ортаңғы топ (3 жастан бастап)	Ересек топ (4 жастан бастап)
1	"Денсаулық"	3	3
	Дене шынықтыру	3	3
	Қауіпсіз мінез-құлық негіздері	-	-
2	"Қатынас"	2	2,5
	Сөйлеуді дамыту	1	1
	Көркем әдебиет	0,5	1
	Сауат ашу негіздері	-	-
	Орыс тілі	0,5	0,5
3	"Таным"	2,5	2,5
	Математика негіздері	1	1
	Сенсорика	-	-
	Құрастыру	0,5	0,5
	Жаратылыстану	1	1
4	"Шығармашылық"	3	3,5
	Сурет салу	1	1
	Мүсіндеу	0,25	0,5
	Жапсыру	0,25	0,5

	Музыка	1,5	1,5
5	"Әлеумет"	0,5	0,5
	Өзін-өзі тану	-	-
	Қоршаған ортамен танысу	0,5	0,5
6	Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы	15-20 минут	20-25 минут
7	Апталық оқу жүктемесінің көлемі	11	12
8	Барлығы	12	14

*іс-әрекет түрлері (ойын, дербес, шығармашылық), тілдерді үйрету, жеке жұмыс.

1 жастан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейін балаларды оқыту орыс тілінде жүргізілетін мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары

	қызметі	Ортаңғы топ (3 жастан бастап)	Ересек топ (4 жастан бастап)
1	"Денсаулық"	3	3
	Дене шынықтыру	3	3
	Қауіпсіз мінез-құлық негіздері	-	-
2	"Қатынас"	1	2,5
	Сөйлеуді дамыту	0,5	1
	Көркем әдебиет	0,5	0,5
	Сауат ашу негіздері	-	-
	Қазақ тілі	-	1
3	"Таным"	2	2,5

	Математика негіздері	-	1
	Сенсорика	0,5	-
	Құрастыру	0,5	0,5
	Жаратылыстану	1	1
4	"Шығармашылық"	3	3
	Сурет салу	1	1
	Мүсіндеу	0,25	0,25
	Жапсыру	0,25	0,25
	Музыка	1,5	1,5
5	"Әлеумет"	-	0,5
	Өзін-өзі тану	-	-
	Қоршаған ортамен танысу	-	0,5
6	Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы	10-15 минут	15-20 минут
7	Апталық оқу жүктемесінің көлемі	9	11,5
8	Барлығы	9	12